



**«Самғау НРМ» ЖШС «Жұлдыз» балабақшасының
Жарғысы**

Ақтөбе қаласы

«Самғау НРМ» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі «Жұлдыз» балабақшасының жарғысы

1. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

1.1. «Самғау НРМ» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі «Жұлдыз» балабақшасы осыдан әрі (серіктестік) Қазақстан Республикасының заңы бойынша заңды тұлға болып табылады.

1.2. Серіктестік өз қызметін 04.09.2019 ж. Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексі (жалпы бөлімі), «Шаруашылық серіктестіктері туралы» Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 2 мамырдағы № 2255 Заңымен, 22.04.1998 «Жауапкершілігі шектеулі және қосымша жауапкершілігі бар серіктестер туралы» Қазақстан Республикасының заңымен, 29.10.1995 ж. Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік кодексі, «Білім туралы» Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі № 319 Заңымен, осы Жарғы және озінің құжаттары бойынша жүзеге асырады.

1.3. Қызметкерлерінің жылдық орташа саны жүз адамнан аспайтын және жылдық орташа табысы Республикалық бюджет туралы заңда белгіленген және тиісті қаржы жылының 01 қаңтарында қолданыста болған айлық есептік көрсеткіштің бес жүз мың еселенген мөлшерін аспайтын, Серіктестік жүзеге асыратын заңды тұлғалар шағын кәсіпкерлік субъектілері болып табылады.

1.4. «Самғау НРМ» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі БСН 190240019847 мемлекеттік тіркелген (2019 жылғы 15 ақпаннан) сәттен бастап құрылды және заңды тұлға құқығы бар.

1.5. Ұйымдық құқықтық түрі - жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

1.6. Серіктестіктің фирмалық атауы:

Мемлекеттік тілінде: «Самғау НРМ» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

Қысқаша: "Самғау НРМ" ЖШС

Орыс тілінде: Товарищество с ограниченной ответственностью «Самғау НРМ»

Қысқаша: ТОО «Самғау НРМ»

1.7. Серіктестіктің тұрған орны: Қазақстан, Ақтөбе облысы, Ақтөбе қаласы, Алматы ауданы, көшесі т.а Қарғалы, 118 Л үй, 1 пошта индексі 030000

1.8. Серіктестіктің қызмет мерзімі шектелмеген.

2. МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ ҰЙЫМДАРЫНЫҢ ҚҰҚЫҚТЫҚ СТАТУСЫ

2.1. Мектепке дейінгі ұйымдар екі жастан бастап мектеп жасына дейін жеткенше тәрбиенушілерді тәрбиелеу, оқыту, сондай-ақ қарау, бағу және сауықтыру бойынша мемлекеттік білім беру тапсырысын, мемлекеттік қаржыландыратын қызмет көрсету көлемін орындауды қамтамасыз етеді.

2.2. Мектепке дейінгі ұйым коммерциялық ұйым болып табылады, азаматтық құқықтары бар және оның қызметіне байланысты, Қазақстан Республикасының заңдары тыйым салмаған кез келген қызмет түрлерін атқаруға қажетті міндеттемелері бойынша жауап береді.

2.3. Мектепке дейінгі ұйымының қаржы шаруашылық қызметі мүлдікті, экономикалық және қаржылық дербестік негізінде атқарылады.

2.4. Мектепке дейінгі ұйымының дербес балансы, банкіде қарысу және басқада есеп шоттары, орыс және қазақ тілдерінде өзінің аты жазылған бұрыптама мөрлері, бланкілері, логотипі және және тағы басқа атрибуттары бар.

2.5. Мектепке дейінгі ұйым құзырлы мемлекеттік органдарында мемлекеттік тіркеуге алынып, ол туралы Қазақстан Республикасының Бизнес сәйкестендіру нөмерінің Ұлттық тіркеу реестріне жазу енгізілген сәттен бастап заңды тұлғаның құқықтарын иеленеді.

2.6. Мектепке дейінгі ұйымының меншіктік құқығында оқшаулаған мүлкі бар, тек қана Қазақстан Республикасының заңдары өз міндеттемелері бойынша жауап береді. Мектепке

- міндеттемелері бойынша жауап бермейді.
- 2.7. Мектепке дейінгі ұйым Қазақстан Республикасының заңдары белгілеген шектерінде өзіне тиісті мүлікті иеленеді, пайдаланады және қажетке жаратады.
- 2.8. Мектепке дейінгі ұйымдарының Қатысушысы оның міндеттемелері бойынша жауап береді және Жарғылық капиталға өзі қосқан салымының шеңберінде мектепке дейінгі ұйымдарының қызметіне байланысты шығындарға тәуекелділік етеді.
- 2.9. Мектепке дейінгі ұйым өз атынан мәмілерілерге отыра алады, мүліктік және жеке мүліктік емес құқықтарға иелене алады және міндетті бола алады, сот және басқада органдарында талапкер мен жауапкер бола алады, сонымен қатар Қазақстан Республикасының заңдары қайшы келмейтін басқа да іс әрекеттерді атқара алады.
- 2.10. Мектепке дейінгі ұйым Қазақстан Республикасында және шет елдерде филиалдар мен өкілдіктерді аша алады, оларға өз мүлігі есебінен негізгі және айналмалы қаражаттар бөліп бере алады және олардың қызмет тәртібін белгілей алады.
- 2.11. Сонымен қатар мектепке дейінгі ұйым Қазақстан Республикасының заңдары тыйым салмаған және осы Жарғы қарастырған басқа да құқықтарды жүзеге асыра алады.

3. МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ ҰЙЫМДАРЫНЫҢ ҚАТЫСУШЫСЫНЫҢ МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ ҰЙЫМДАРЫНЫҢ ҚАТЫСУШЫСЫНЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫМЕН МІНДЕТТЕРІ

- 3.1. Серіктестіктің қатысушысының Серіктестігінің құрылғаннан кейін оның мүлкінің үлесіне құқық алған тұлғалар болып табылады.
- 3.2. Серіктестіктің қатысушысының ретінде Қазақстан Республикасы мен шет елдердің заңды және жеке тұлғалары бола алады.
- 3.3. Серіктестіктің қатысушысы:
НЕСИПБАЕВА РОЗА МАЛИКОВНА - Қазақстан Республикасының азаматы, 16.07.1977 жылы туылған, ұлты – қазақ, ЖСН 770716401185, жеке куәлік № 057579672, 14.03.2024 жылы ҚР ішкі істер министрілігімен берілген. Мекен жайы: Қазақстан Республикасы, Ақтөбе қаласы, Қарғалы 162 Л 2 үй.
- 3.4. Қатысушының құқықтары:
1. Заң және осы Жарғы қарастырған тәртіп бойынша Серіктестіктің басқару істеріне қатысу
 2. Жарғы қарастырған тәртіп бойынша Серіктестіктің қызметі туралы ақпарат алуға және оның бухгалтерлік және басқада құжатталармен танысуға
 3. Қолданыстағы заңдарға, осы Жарғыға сәйкес Серіктестік қызметінен түскен пайданы алуға
 4. Серіктестік таратылған жағдайда, несие берушілермен есеп айырысқаннан кейін қалған мүлік құнын алу, немесе Серіктестіктің қатысушының келісімі бойынша сол мүліктің бір бөлігін заттай алу
 5. Серіктестіктегі өз қатысуын, Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңдарына сәйкес және осы Жарғысында, үлесін шеттету арқылы тоқтату
 6. Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңдарына сәйкес және осы Жарғысында көзделген олардың құқықтарын бұзған серіктестік органдарының шешімдеріне сот тәртібімен дау айтуға құқылы
- 3.5. Қатысушының міндеттері:
1. Осы Жарғының талаптарына қадағалау
 2. Серіктестік Жарғылық капиталына Құрылтай келісімі қарастырған тәртіп бойынша, мерзімдерде және мөлшерлерде салымдар қосу
 3. Серіктестік құпия деп есептеген ақпаратты жарияламау
 4. Осы Жарғыдағы 3.3. баптың мәлемдеулерінің өзгертуі туралы атқару органға хабарлауға міндетті. Қатысушы Қазақстан Республикасының заңдарына қайшы келмейтін, басқада міндеттерді көтеріп, басқада құқықтарға иелене алады.

3.6. Серіктестікке қатысушысы өз қиыны бойынша серіктестіктің мүлкіндегі өз үлесін немесе оның бір бөлігін үшінші тұлғалар алдындағы өз міндеттемесін қамтамасыз ету үшін үлесін оның (бір бөлігін) кепілге беруге құқылы. Серіктестік мүлкіндегі үлес кепілдігі Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес тіркеледі.

3.7. Қолданылатын заңдардың және осы Жарғының талаптарын сақтай отырып, серіктестікке жана қатысушы қабылдауы серіктестікке қатысушы мен жанадан кірген қатысушымен құрылтай шарт жасалуымен рәсімделеді.

3.8. Өлген қатысушының мұрагерлеріне үлестің аусуы және олардың арасында бөлінуі Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінің белгілеген тәртібінде жүргізіледі.

4. МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ ҰЙЫМЫНЫҢ МАҚСАТЫ МЕН ҚЫЗМЕТІ

4.1. Мектепке дейінгі ұйымдардың негізі мақсаты үш жастан бес-алты жасқа дейінгі балаларды тәрбиелеуді, оқытуды, бағуды, күтуді және сауықтыруды қамтамасыз етеді.

4.2. Мектепке дейінгі ұйымдардың басымды міндеттері:

- балардың өмірін және денсаулығын қорғау;
- тәрбиенушілердің, оның ішінде ерекші білім беру қажеттілігі және жеке мүмкіндіктері бар тәрбиенушілердің дене, зияткерлік және жеке тұлғалық дамуын қамтамасыз ететін жағдайлар жасау;

- сапалы мектепалды даярлықты қамтамасыз ету;

- баланың толыққанды дамуын қамтамасыз ету үшін отбасымен өз ара әс қимыл жасау;

- ата аналарға балаларды тәрбиелеу, оқыту, дамыту және денсаулығын қорғау бойынша консультативтік және әдістемелік көмек көрсету;

- практикалық оқу семинарларын, шеберлік сабақтар өткізу.

4.3. Мектепке дейінгі ұйым қызметкерлері Қазақстан Республикасы заңдары белгіленген тәртіппен жыл сайын медициналық тексеруден өтеді.

4.4. Мектепке дейінгі ұйым балалары тамақтандыруды қамтамасыз етеді. Балаларды тамақтандыру жас ерекшеліктерін, жұмыс режимін ескере отырып жүргізіледі, оның жиелігі Қазақстан Республикасының санитариялық эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы нормативтік құқықтық актілеріне және Жарғыға сәйкес айқындалады.

4.5. Мектепке дейінгі ұйым балаларының тамақтану мәдениетінің қалыптастыруды, оның ішінде пайдалы тамақтануды әрі табиғи және жаңа піскен өнімдерді тұтынуды насихаттау арқылы қамтамасыз етеді.

5. МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ ҰЙЫМ ҚҰРЫЛЫМДЫҚ БІРЛІГІ

5.1. Мектепке дейінгі білім беру ұйымының негізгі құрылымдылық бірлігі мектеп жасына дейінгі тәрбиенушілер тобы деп табылады.

5.2. Топтар жас ерекшелігі бір жастағылар балалар қағидаты бойынша жасақталады.

5.3. Мектепке дейінгі ұйымдар топтарының сыйымдылығы Қазақстан Республикасының санитариялық эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы нормативтік құқықтық актілеріне сәйкес жүзеге асырылады.

6. БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНІҢ МАҚСАТЫ

6.1. Мектепке дейінгі ұйымдарының білім беру процесінің мақсаты болып табылатындар:

- білім беру қызметі;

- мектепке дейінгі тәрбие және оқыту үшін білім беру ұйымдарын ұйымдастыру;

- білім беру ұйымдарының екі жастан бес жасқа дейінгі балаларды тәрбиелеуді, оқытуды, бағуды, күтуді және сауықтыруды жүзеге асырады, олардың физикалық және психикалық денсаулығының қорғалуын және нығайтуын жеке ерекшеліктерін дамуын қамтамасыз етеді;

- бес жастағы балалардың мектеп алды жалпы білім беру бағдарламасына сай дайындығын жүргізеді;

- балалардың мектепке дейінгі ұйымдарында болу уақыты ата аналардың өтініші негізінде менеджерінің рұқсаты бойынша қосымша ақы төлеу арқылы ұзартыла алады;

- балалардың мектепке дейінгі ұйымдарында болған кезде, оларға күн тәртібіне сәйкес, бес мәзгіл тамақ беруді ұйымдастырады;

- жалпыға бірдей білім беру бағдарламасы негізінде баланың шығармашылық ой өрісінің, ынтасы, білімге құштарлығының қалыптасуына бағытталған қабілеттерін жан жақты дамуын қамтамасыз етеді;

- мектеп жасына дейінгі балаларда, ұлттық және жалпы адами құндылықтар, Отанға деген сүйіспеншілік, отаншылдық негізінде адами көзқарасының, ҚР мемлекеттік рәміздерін, өзін-өзі және қоршаған ортаны құрметтеуді қалыптастыруын қамтамасыз етеді;

- мектепке дейінгі ұйымдарға келетін төменгі топтағы балалардың танымдық белсенділігін жетілдіру және дамыту;

- тәрбиенушілердің дене денсаулығын дамыту жолымен белсенді қимыл ойынға деген ынтасын қалыптастыру;

- тәрбиенушілердің ата-аналарымен өзара ынтымастықтық әрекеттестігін қамтамасыз етіп, оларға балалармен қарым-қатынас жасаудың, тәрбиелеу мен оқытудың педагогикалық технологияларын меңгеруіне жәрдемдеседі.

6.2. Мектепке дейінгі ұйымдар өз қызметін мынадай кезеңдер бойынша ұйымдастырады:

- 1 маусым мен 31 тамыз аралығында – жазғы сауықтыру кезеңі;

- мектепалды даярлық топтарында (МАД) оқу процесі ағымдағы жылдың 1 қыркүйегінен келесі жылдың 25 мамыр аралығында жүзеге асырылады.

7. МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ ҰЙЫМДАРЫНА ҚАБЫЛДАУ ТӘРТІБІ

7.1. Балаларды мектепке дейінгі ұйымдарға қабылдау ҚР білім саласындағы уәкілетті органы бекіткен мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту саласындағы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарттарына сәйкес жүзеге асырылады.

7.2. Балаларды тұрақты немесе уақытша орналасуға қабылдау онда бос орынның болуына қарай жыл бойы жүргізіледі.

7.3. Елді мекеменің ішінде бір мектепке дейінгі ұйымнан басқасына орын алмастыру жас топтары сәйкес келген жағдайда, ата-аналардың және мектепке дейінгі ұйым басшыларының келісімімен жүзеге асырылады.

7.4. Мектепке дейінгі ұйымдарда баланың орны сақталуы тәртібі:

- баланың ауырып, медициналық, санаторлық курорттық және өзге де ұйымдарда емдеген, сауықтырылған кезінде (көрсетілімі бойынша анықтама ұсынған жағдайда);

- ата-анасының біреуіне немесе баланың өзге заңды өкіліне еңбек демалысы берілген және бала жаз маусымында алпыс күн дейінгі мерзімде сауықтырылған (жазбапна ішіндегі ұсынған жағдайда) жағдайларда сақталады.

7.5. Басшы баланы мектепке дейінгі ұйымдарда келісім шарт тоқтатылуы тәртібі:

- баланы бағу үшін ай сайынғы төлемақы уақытылы төленбеген жағдайда (төлемақыны белгіленген мерзімінен күнтізбелік 15 күннен астам кешіктіру);

- бала бір айдан астам дәлелсіз себеппен және әкімшілікке ескертпей келмеген;

- дәрігерлік консультациялық комиссия анықтамасының негізінде баланың келуіне кедергі болатын медициналық қарсы көрсетілімдер болған жағдайларда шығарылады.

8. БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІН (ОҚЫТУ ТІЛІ МЕН ТӘРБИЕ, ТӘРБИЕНУШІЛЕРДІҢ ОҚУ САҒАТЫНЫҢ ТӘРТІБІ)

8.1. Мектепке дейінгі ұйымдарының оқу әдістемелік қызметі ҚР Үкіметімен бекітілген тиісті үлгідегі білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік ережелеріне, сәйкес іске асырылады.

8.2. Мектепке дейінгі ұйымдарының оқу тәрбие қызметі мемлекеттік жылпыға міндетті білім беру стандарты негізінде әзірленген оқу жоспарлары мен бағдарламаларына сәйкес іске асырылады.

8.3. Мектепке дейінгі ұйым ҚР Конституциясына және ҚР заңдарына сәйкес мемлекеттік тіл ретінде қазақ тілін білу мен дамытуды, сондай-ақ мемлекеттік стандарттарға сәйкес орыс тілін үйренуді қамтамасыз етеді.

8.4. Мектепке дейінгі ұйымдарымен тәрбие бағдарламалары білім беру бағдарламаларының құрамдас бөлігі болып табылады және білім алушылардың слжандылық, азаматтық, интернационалдық, жоғары моральдік және адамгершілік сезімін

қалыптастыруға, сондай ақ жан жақты ынта ықыласы мен қабілеттерін дамытуға бағытталуға тиіс.

8.5. Мектепке дейінгі ұйымдарымен нәсілдік, ұлттық, діни, әлеуметтік ынмырасыздық пен ерекшелікті насихаттауға, милитаристік және халықаралық құқық пен ізгіліктің жалпы танылған принциптеріне қайшы келетін өзге идеяларды таратуға тыйым салынады.

9. АТТЕСТАЦИЯНЫҢ ФОРМАСЫ МЕН ЖҮРГІЗУДІҢ ТӘРТІБІ

9.1. Ведомстволық бағыныстылығына қарамастан, білім беру ұйымдары, оның ішінде жаңадан құрылғандары, сондай ақ мектепке дейінгі ұйымдардың басшылары және педагог қызметкерлері ҚР заңдары белгіленген тәртіппен аттестаттаудан өтеді.

9.2. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту мазмұнының деңгейі мен сапасының мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың жалпыға міндетті мемлекеттік стандарты талаптарына сәйкестігін анықтау үшін аудандық (қалалық) білім беру органдары мектепке дейінгі ұйымдарды мерзімділігі бес жылда бір рет мемлекеттік аттестаттауды жүргізеді. Жаңадан құрылған мектепке дейінгі ұйымдарды аттестаттау үш жылдан кейін өткізіледі.

10. АҚЫЛЫ ҚЫЗМЕТТІ ҰСЫНУ ТӘРТІБІ МЕН ТІЗБЕСІ

10.1. Мектепке дейінгі ұйымдар мектепке дейінгі ұйым басшысы белгіленген тәртіппен білім беру, сауықтыру сипатындағы қосымша ақылы қызметтер көрсете алады. Ақылы қызметтер көрсетуден түскен қаражат мамандарға еңбекақы төлеуге, құралдар сатып алуға, тиісті дамытушы орта құруға бағытталады.

10.2. Мектепке дейінгі ұйым мен ата аналар немесе оларды алмастыратын тұлғалар арасындағы өзара қарым қатынастар баланы мектепке дейінгі ұйымға қабылдаған кезде жасалатын шартпен реттеледі. Шартта баланың мектепке дейінгі ұйымға бару режимі, тамақтану саны, қосымша білім беру, сауықтыру қызметтерін көрсету деңгейі және мерзімі, мектепке дейінгі ұйымда баланы ұстау ақысының мөлшері, қосымша ақылы қызметтер және өзге де жағдайлар айқындалады.

11. МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ ҰЙЫМДАҒЫ ОҚЫТУ ТӘРБИЕЛЕУ ПРОЦЕСІ

11.1. Оқыту тәрбиелеу процесінің негізгі қатысушылары балалар, ата аналар немесе заңды үкілдері, педагог қызметкерлер болып табылады.

11.2. Мектепке дейінгі ұйымдағы оқыту тәрбиелеу процесі мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты негізінде әзірленген бағдарламаларға және оқу жоспарларына сәйкес жүзеге асырылады, сондай ақ мектепке дейінгі ұйымның жарғысымен айқындалады.

11.3. Мектепке дейінгі ұйымдардың педагогтері иімді оқыту тәрбиелеу процесін қамтамасыз ету мақсатында баламалы авторлық бағдарламаларды дербес таңдайды және қолданады, мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартын сақтау шартымен тәрбиелеудің, оқытудың және сауықтырудың жаңа технологияларын енгізеді.

11.4. Мектепке дейінгі ұйым тәрбиеленушісінің, ата аналары мен қызметкерлерінің қарым қатынасы оқыту тәрбиелеу процесіне қатысушылардың өзара сыйластығы және жеке ерекшеліктеріне сәйкес тәрбиеленушіге даму еркіндігін ұсынуды ескере отырып, ықтымақтастық негізде құрылады.

11.5. Тәрбиелеу білім беру процесін қамтамасыз етуде мектепке дейінгі ұйымдағы әр балаға мыналарға кепілдік беріледі:

- оның өмірі мен денсаулығын сақтау;
- оның қадір қасиетін қорғау;
- дене, моральдық немесе психикалық зорлықтың барлық нысандарынан қорғау;
- оның шығармашылық қабілеттері мен ынтасын дамыту;
- сапалы мектепалды даярлау;
- бейімділігіне, қабілеттеріне, қалауына және денсаулық жағдайына сәйкес қосымша білім беру, сауықтыру қызметтерін алу.

11.6. Мектепке дейінгі ұйым мен ата аналар немесе оларды алмастыратын тұлғалар арасындағы өзара қарым қатынастар баланы мектепке дейінгі ұйымға қабылдаған кезде

жасалатын шартпен реттеледі. Шартта баланың мектепке дейінгі ұйымға бару режимі, тамақтану саны, қосымша білім беру, сауықтыру қызметтерін көрсету деңгейі және мерзімі, мектепке дейінгі ұйымда баланы бағу ақысының мөлшері, қосымша ақылы қызметтер және өзге де жағдайлар айқындалады.

11.7. Мектепке дейінгі ұйымдарымен оқу тәрбие процесі тәрбиенушілердің денсаулық жағдайы ескеріле отырып жүргізіледі. Мектепке дейінгі ұйымдарымен аурудың алдын алуға, денсаулықты нығайтуға, дене шынықтыруға балаларды салауатты өмір сүруге ынталандыруға қажетті шаралар орындалуы қамтамасыз етіледі.

11.8. Оқу жүктемесін, тәрбиенушілердің сабақ тәртібін мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттар, денсаулық сақтау және білім беру органдарының ұсынымдары мен оқу жоспарлары негізінде дайындалған, мектепке дейінгі ұйым бекіткен ережелер анықтайды.

11.9. Денсаулық сақтау жүйесін ұйымы тәрбиенушілердің денсаулығына жүйелі бақылауды, медициналық қызмет көрсетуді жүзеге асырады.

11.10. Мектепке дейінгі ұйымдарының педагогтары ҚР заңдары белгіленген тәртіпте жыл сайын медициналық тексерілуден өтеді.

11.11. Сабақ кестесі тәрбиенушілердің тамақтануы мен белсенді демалуы үшін жеткілікті үзіліс қарастыруы қажет.

11.12. Мектепке дейінгі ұйымдарымен демалыс, оқыту мен тәрбиелеудің қауіпсіз жағдайларын жасау жауапкершілігі басшысы мен қатысушыға, ал бақылау сәйкес органдарға жүктеледі.

11.13. Тәрбиенушілердің ата аналары мен басқа заңды өкілдері мынаған құқығы бар:

- баланың қабілеті мен жеке бейімділігін, тілегін ескере отырып, білім беру ұйымын таңдауға;

- ата аналар комитеті арқылы білім беру ұйымдарымен басқару органдарының жұмыстарына қатынасу;

- баласының оқу жағдайлары мен тәртібі, үлгерімі туралы Серіктестікпен мәлімет алып туру;

- өз балаларын оқыту мен тәрбиелеу мәселелері бойынша кеңестік көмек алу

11.14. Ата аналар мен басқа заңды өкілдер мынаған міндетті:

- балаларының өмірі мен оқуы үшін қауіпсіз, жақсы жағдайлар жасау, олардың шапкершілік қасиеттерінің, парасаттылығын дамуына және дене шынықтыруына қамтамасыз ету;

- бес жасында балалардың мектепке барар алдындағы дайындығын қамтамасыз етуге;

- білім беру ұйымдарымен бірге жұмыс жасау;

- мектепке дейінгі тәрбиенушілердің сабаққа қатысуын қалағалау.

12. МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ ҰЙЫМ ҮШІН ҚАТЫСУШЫ БЕКІТКЕН ЖЕКЕ МЕНШІК ОБЪЕКТІЛЕРДІ ПАЙДАЛАНУ ТӘРТІБІ

12.1. Жеке меншік объектілерді пайдалану тәртібі ҚР заңдары белгіленген тәртіпте іске асады.

12.2. Мектепке дейінгі ұйым ҚР заңдарына сәйкес, оның атына қатысушы бекіткен мүлікке ие болуға және пайдалануға құқығы бар.

13. ҚЫЗМЕТ ПРОЦЕСІНДЕ ПАЙДА БОЛҒАН МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ ҰЙЫМ МҮЛКІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ ТӘРТІБІ

13.1. Мектепке дейінгі ұйымдарының материалдық техникалық базасының құрылуы және дамуы қатусышының қаржысы есебінен жүзеге асырылады.

13.2. ҚР білім беру саласының орталық атқару органдарының келісімі бойынша белгілінген заңдары тәртіпте мектепке дейінгі ұйымдарымен жекешелендіру жолымен босатылған, ғимараттарды мемлекеттік білім беру ұйымдарының сәйкес материалдық базасына берілуі мүмкін.

14. ҚАРЖЫЛАНДЫРУ КӨЗДЕРІ, МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ ҰЙЫМ ҚЫЗМЕТІН МАТЕРИАЛДЫҚ ТЕХНИКАЛЫҚ ҚАМТАМАСЫЗДАНДЫРУ

14.1. Серіктестігінің қаржыландыру білім беру қызметтерін сату есебінен, қатусышының қаржысы, кәсіпкерлік қызмет және басқа да ҚР заңдары тыйым салынбаған көздер есебінен жүзеге асырылады.

14.2. Басқада қаржылық және материалды түсімдер, сондай ақ валюталық түсімдер ҚР заңдары белгіленген тәртіпте мектепке дейінгі ұйымдарымен пайдаланылады.

15. КӘСІПКЕРЛІК ІС ӘРЕКЕТТІК ТҮРЛЕРІ

15.1. Мектепке дейінгі ұйым білім беру және басқада ақылы қызмет есебінен пайда әкелетін кәсіпкерлік іс әрекетпен айналысуы мүмкін.

15.2. Ата-аналардан немесе заңды өкілдерден алынатын ай сайынғы төлемақы мқлщері;

15.3. Осы іс әрекеттен түскен кірісті (пайда) тарату тәртібін мектепке дейінгі ұйым дербес анықтайды.

15.4. Кәсіпкерлік іс әрекеттен түскен кіріс жарғылық мақсаттарға жету үшін пайдаланылады.

16. МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ ҰЙЫМДАРЫНЫҢ МҮЛКІ, ЖАРҒЫЛЫҚ КАПИТАЛЫ, ӨЗГЕ КАПИЛДАРЫ

16.1. Мектепке дейінгі ұйымдарының мүлгі Мектепке дейінгі ұйым қатусышының салымдарынан (жарғылық капиталы), түскен пайдадан, сонымен қатар ҚР заңдары тыйым салмаған негіздері бойынша иеленген басқа да мүліктен құралады

16.2. Мектепке дейінгі ұйым төмендегіге иеленеді:

- қатысушы мектепке дейінгі ұйымдарымен берген мүлікке;

- қызмет атқару нәтижесінде түскен пайдаға;

- ҚР заңдары тыйым салмаған негіздері бойынша иеленген басқа да мүлікке.

17. МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ ҰЙЫМДАРЫНЫҢ ТАЗА ПАЙДАСЫН ҮЛЕСТІРУ

17.1. Өзінің шаруашылық қызметінің нәтижесінде мектепке дейінгі ұйым алған пайда салықтар мен басқа міндетті төлемдерді төлегеннен кейін мектепке дейінгі ұйымдарының меншігінде қалады және ҚР заңдары мен осы жарғыға сәйкес мектепке дейінгі ұйымдарының қорларын құруға және оның қатысушысымен үлестіру үшін жұмсалады.

17.2. Мектепке дейінгі ұйым қатысушысы бір тұлға бола тұра, жеке дара қатысушысы өз бетінше мектепке дейінгі ұйымдарының таза пайдасын үлестіру жөнінде шешім қабылдайды. Қатысушысы таза пайданың бір бөлігін өзіне алу туралы шешім қабылдаған жағдайда, мектепке дейінгі ұйым аталмыш төлемді сондай шешім қабылдаған сәттен бастап бір бір ай мерзім ішінде ақшалай түрде төлеуге міндетті. Қатысушысы таза пайданы үлестіруден бас тарта алады, ол туралы тиісті шешім қабылданады.

17.3. Мектепке дейінгі ұйым қатысушысына табыстан пайда төлеуі мектепке дейінгі ұйымдарының таза пайдасынан жылына бір рет төленеді, егер қатысушысы басқаша ұйғарамаса.

18. ФИЛИАЛДАР МЕН ӨКІЛДІКТЕР ТУРАЛЫ МӘЛІМЕТТЕРДІ КӨЗДЕУГЕ ТИІС

18.1. Мектепке дейінгі ұйым ҚР заңдары сәйкес филиалдар құра алады.

18.2. Орналасқан жерінен тыс жерде орналасқан және оның міндеттерінің бәрін немесе бір бөлігін, соның ішінде өкілдік мідетін жүзеге асыратын оқшауланған бөлімшесің филиалы болып табылады.

18.3. Филиалдар заңды тұлға болып табылмайды. Олар өздерін құрған кодың мүлкі берелі және олар бекіткен ереже негізінде жұмыс істейді.

18.4. Филиалдар тіркеу ҚР заңдары белгіленген тәртіппен жүзеге асырылады.

19. МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ ҰЙЫМДАРЫМЕН ҚАТЫСУШЫҒА ЖӘНЕ ҮЛЕСТЕРДІ

САТЫП АЛУШЫЛАРҒА МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ ҰЙЫМДАРЫНЫҢ ҚЫЗМЕТІ ТУРАЛЫ АҚПАРАТТЫ ҰСЫНУ ТӨРТБІ ЖӘНЕ МЕРЗІМІ

19.1. Мектепке дейінгі ұйым өз қатысушысының талабы бойынша оның мүдделерін мектепке дейінгі ұйымдарының қызмет туралы мәлімет беруге міндетті. Мұндай мәлімет талап етілген күнінен бастап он күнтізбелік күн ішінде берулігі тиіс.

19.2. Мектепке дейінгі ұйымдарымен қатысушысының мүдделерін қорғайтын мәлімет бөліні:

- мектепке дейінгі ұйым қатысушысы қабылдаған, атқарушы органның, ревизорының шешімдері және қабылданған шешімдерінің орындалуы туралы ақпарат;
- мектепке дейінгі ұйымдарының өз капиталы мөлшерінің жиырма бес және одан да көп процентін құрайтын мөлшерде мектепке дейінгі ұйымдарының қарыз алуы;
- Жасалған мәміле нәтижесінде мектепке дейінгі ұйымдарының өз меншігіндегі капиталы мөлшерінің жиырма бес және одан да көп процентін құрайтын сомадағы мүлік сатып алынатын немесе нәліктен шығарылатын ірі мәмілені немесе өзара байланыстағы мәмілерді мектепке дейінгі ұйымдарының жасауы;
- Мектепке дейінгі ұйымдарыныңқандай да болсын қызметтің түрін жүзеге асыруға және белгілі бір әс әрекеттер жасауға лицензиялар алуы, олардың қолданылуын тоқтата тұру немесе тоқтату, сондай ақ мектепке дейінгі ұйымдарының қандай да болсын қызметтің түрін жүзеге асыруға және белгілі бір іс әрекеттер жасауға бұрын алған лицензияларынан айыру;
- Мектепке дейінгі ұйымдарының мүлкіне тыйым салу;
- Нәтижесінде мектепке дейінгі ұйымдарының баланстық құны мектепке дейінгі ұйым активтері жалпы мөлшерінің он немесе одан да көп процентін құрайтын мүлкі жойылған тктенше сипаттағы жағдайлардың басталуы;
- Серіктестікті және оның лауазымды тұлғаларын әкімшілік жауапкершілікке тарту;
- Серіктестікті мәжбүрлеп қайта ұйымдастыру туралы шешім;
- Тендік, нәтижесі туралы тазаларды табысты және зияндарды есептеу;
- Серіктестікті жылдық есептеу нәтижесі қаражаттық шарушылық қызметі туралы, аудиторлық есеп (ол бар болса);
- Мектепке дейінгі ұйымдарының жарғысына сәйкес мектепке дейінгі ұйым қатысушысының мүдделерін қорғайтын өзге де ақпарат танылады.

19.3. Үлес сатып алушыларына мектепке дейінгі ұйымдарының қызметі туралы мәлімет ҚР заңдары және осы жарғыға сәйкес беріледі.

19.4. Мұндай мәлімет үлесті сатып алушыдан мектепке дейінгі ұйымдарының атына жазылған ұсынысы түскен күнінен бастап бір ай ішінде берулі керек. Мектепке дейінгі ұйымдарының атқару орны мұндай ұсынысы түскен күнінен бастап он жұмыс күн ішінде түскен ұсынысжөнінде қатысушыға хабардар етуге міндетті және қатысушымен оның құқықтарына қысым жасамайтын, мәліметтің көлемін келісіп алуға одан кейін сондай ақ қатысушымен үлестерді сатып алу туралы алдын ала келісім шарттың мәтінін келісіп алуға міндетті.

19.5. Мектепке дейінгі ұйымдарының қызметі туралы ақпаратты мына шығарылымдарда көрсетіледі: Юридическая газета, Заң газеті, Казахстанская правда, Егемен Қазақстан.

20. МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ ҰЙЫМДАРЫНЫҢ ЕСЕП ЖҮРГІЗУІ ЖӘНЕ ЕСЕП БЕРУІ

20.1. Мектепке дейінгі ұйымдарының оперативті, бухгалтерлік және статистикалық есебі мен есеп беруі ҚР нормативтік актілеріне сәйкес жүзеге асырылады.

20.2. Мектепке дейінгі ұйым қызметінің қаржылық нәтижелері жылдық бухгалтерлік есебі негізінде анықталады. Мектепке дейінгі ұйымдарының, тенгелік болсын, валюталық болсын, шығыстары мен кірістерін көрсетеді.

20.3. Мектепке дейінгі ұйымдарының қаржылық жылы күнтізбелік жылымен үйлеседі.

21. МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ ҰЙЫМДАРЫНЫҢ БАСҚАРУ ОРГАНДАРЫ

21.1. Мектепке дейінгі ұйымдарының басқару органдары.

- қатысушы жоғары органы;
- басшы атқару органы.

Мектепке дейінгі ұйымдарының қатысушысы ретінде бір тұлға бола тұра, шешімдерді сол қатысушы жеке дара қабылдайды.

21.2. Қатысушының атқарушы органдарының құзыры осы жарғымен және ҚР заңдары анықталады.

22. ҚАТЫСУШЫНЫҢ ҚҰЗЫРЫ

22.1. Жеке дара қатысушы мектепке дейінгі ұйымдарының жоғарғы органы болып табылады.

22.2. Қатысушы:

- Басшының есебін, жылдық балансты, пайдалар мен шығындардың есебін бекітеді;
- Бөбекжай балабақшасының басшысын тағайындайды;
- Оның құзіретіне жататын басқа да мәселелер жатады.

22.3. Қатысушының айрықша құзырыны төмендегі мәселелер жатады:

- Жарғылық капиталының көлемін, орналасқан жері мен фирмалық атауын өзгертуді қоса, мектепке дейінгі ұйымдарының жарғысын өзгерту не жарғыны жаңа басылымда бекіту;
- Серіктестікті не оның мүлігін сенімді басқаруға беру туралы шешім қабылдау және осындай берудің шарттарын анықтау;
- Басшысы тағайындау және олардың әкілеттерін мерзімінен бұрын тоқтату;
- Жылдық қаржылық есеп беруді бекіту және таза табысты бөлу;
- Ішкі ережелер, оларды қабылдау тәртіптерін және мектепке дейінгі ұйымдарының жарғысында мектепке дейінгі ұйымдарының өзге органдарының құзіретіне жатқызылған құжаттардан басқа;

- Өзге шаруашылық серіктестіктерге сондай ақ коммерциялық емес ұйымдарға қатысу туралы шешім;

- Серіктестікті қайта ұйымдастыру не тарату туралы шешім;

- Тарату комиссияның тағайындау және тарату баланстарын бекіту;

- Мектепке дейінгі ұйымдарының бар мүлкін кепілге беру туралы шешім;

- Мектепке дейінгі ұйымдарының мүлігіне қосымша жарналар қосу туралы шешім;

- Қатысушы мүмкін өз құзырына жатқызатын басқа да мәселелер;

- Мектепке дейінгі ұйымдарымен қатысушыға және үлестерді сатып алушыларға мектепке дейінгі ұйымдарының қызметі туралы ақпаратты ұсыну тәртібін және мерзімдерін бекіту.

22.4. Мектепке дейінгі ұйым қатысушысы мектепке дейінгі ұйымдарының қызметімен байланысты кез келген мәселені қарауына алуға құқылы.

22.5. Қатысушы, мектепке дейінгі ұйымдарының ішкі қызметіне қатысты мәселер бойынша мектепке дейінгі ұйымдарының өзге органдарының кез келген шешімінің күшін жоюға құқылы.

22.6. Қатысушысы бір тұлға болған уақытта, оның құзіретіне жататын шешімдерді қатысушы бір өзі қабылдайды және оларды жазбаша түрде рәсімдейді.

23. МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ ҰЙЫМ ҚҰРЫЛЫМЫ, БАСҚАРУ ОРГАНЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУ ТӘРТІБІ, ОЛАРДЫҢ ҚЫЗМЕТІН ҰЙЫМДАСТЫРУ ТӘРТІБІ МЕН ҚҰЗІРЕТІ

23.1. Мектепке дейінгі ұйымдарды басқару дара басшылық және алқалық басқару қағидастарында құрылады. Алқалық басқару нысандары педагогикалық қамқоршылық кеңестер болып табылады.

23.2. Алғымдағы қызметтеріне басшылық жасауды және оның істерін жүргізуді қатысушының бес жыл мерзімге тағайындалатынын басшының жүзеге асырады.

23.3. Басшысы:

- Мектепке дейінгі ұйымның атынан іс әрекет жасайды, барлық мемлекеттік және жеке меншік ұйымдарда, кәсіп орындарда оның мүддесін білдіреді;

- Қаражаттарды басқарушы болып табылады, шарттар жасайды, сенім хаттар береді, банктерде есептік және басқа да шоттар ашады;
- Өзінің құзыреті шегінде мектепке дейінгі ұйым қызметкерлерінің орындауы міндетті бұйрықтар мен өкімдер шығарады, жаза қолданады;
- Кадрларды іріктеу мен орналастыруды жүзеге асырады, ҚР заңдары сәйкес қызметкерлерді жұмысқа қабылдау және жұмыстан шығару құқығын пайдаланады;
- Белгіленген тәртіппен мектепке дейінгі ұйымды және қызметшілерді аттестаттауды жүргізуді ұйымдастырады, аттестаттау нәтижелерін кадрларды орналастыруда ескереді;
- Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты және санитарлық гигиеналық нормалар талаптарына сәйкес мектепке дейінгі ұйымдағы тәрбиелеу білім беру процесін жүзеге асыру үшін жағдай жасайды;
- Балалардың мүдделерін, отбасының қажеттігін қанағаттандыруға бағытталған қосымша қызметтерді ұйымдастырады;
- Бекітілген шағын учаскілер шегінде 1ден 6ға дейінгі жастағы балаларды дербес есепке алуды ұйымдастырады;
- Баланы мектепке дейінгі ұйымға қабылдаған кезде ата-анасын немесе оларды алмастыратын тұлғаларды мектепке дейінгі ұйымның жарғысы мен және өзге де қабылдау және оқу тәрбие процесін ұйымдастыру тәртібін регламенттейтін құжаттармен таныстырады;
- Мектепке дейінгі ұйымға бекітілген мүліктің сақталуын және тиімді пайдаланылуын қамтамасыз етеді;
- ҚР заңдары белгіленген тәртіппен мыналар:
 - мектепке дейінгі ұйым тәрбиенушілердің, қызметкердің құқықтары мен бостандықтарын бұзғаны;
 - өзінің құзыретіне жатқызылған функцияларды орындамағаны;
 - мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының талаптарын бұзғаны;
 - тәрбиенушілер мен қызметкерлердің оқу тәрбие процесі өмірі мен денсаулығын сақтау үшін;
 - қаржы шаруашылық қызметінің жай күйі, оның ішінде материалдық және ақшалай қаражаттардың мақсатты пайдаланылмағаны үшін;
 - нормативтік құқықтық актілерде және еңбек шартының талаптарында көзделген талаптардың өзге де бұзылғаны үшін жауапты болады.

23.5. Мектепке дейінгі ұйымдар қызметкерлерінің құқықтары мен міндеттері мектепке дейінгі ұйым дербес әзірлейтін ішкі тәртіп қағидаларында және қызметкерлердің лауазымдық нұсқаулықтарында нақтыланады. Бұл ретте көрсетілген актілерде белгіленген құқықтар мен міндеттер ҚР Конституциясына, «Білім туралы» заңға, өзге де заңнамалық актілер мен ұйым жарғысына қайшы келмеуі тиіс.

24. МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ ҰЙЫМ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІНІҢ ШТАТЫН ЖИНАҚТАУ, ЕҢБЕКАҚЫ ЖАҒДАЙЫ, ОЛАРДЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ

24.1. Білімі және біліктілігі тиісті деңгейі туралы мемлекеттік үлгідегі құжаттармен расталған, тиісті дейіні бойынша арнайы педагогикалық немесе кәсіптік білімі бар адамдар педагогтік қызметпен айналысуға жіберіледі.

24.2. Мектепке дейінгі ұйымдардағы жұмысқа:

- медициналық қарсы көрсетілімі бар;
- психотриалық және наркологиялық диспансерде есепте тұрған адамдар;
- ҚР Еңбек кодексінде көзделген шектеулер негізінде жіберілмейді.

24.3. Мектепке дейінгі ұйым мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартын сақтау шартымен тиімді тәрбиелеу білім беру процесін қамтамасыз ету үшін (баланың жеке басының шығарамашылық, рухани және дене мүмкіндіктерін дамыту, адамгершілік негіздерін және салауатты өмір салтын қалыптастыру) педагогтарға баламалы авторлық бағдарламаларды тандау, қолдану,

тәрбиелеудің, оқығудың және сауықтырудың жаңа технологияларын енгізу құқығын береді.

24.4. Мектепке дейінгі ұйым қызметкерлерінің еңбекақы жүйесі ҚР заңдары белгіленген тәртіпте анықталады.

24.5. Мектепке дейінгі ұйым қызметкерлерінің еңбек ақысы мен лауазымды жалақылары олардың біліктілігі мен қызметтік міндеттеріне сәйкес бекітіледі.

24.6. Мектепке дейінгі ұйым өзіндегі еңбекақы қаражатының шегінде, сондай ақ кәсіпкерлік қызмет есебінен үстеме ақы, сыйлықтар және басқа мінталандыру төлемдерінің мөлшерін дербес анықтай алады.

24.7. Ғыпталандыру төлемдері тек еңбекақының кепілденген бөлігі бойынша төленбенген қарызы жоқ болған жағдайда ғана беріле алады.

24.8. Өз қаржысы есебінен еңбекақы бойынша ережені мектепке дейінгі ұйым (қатысушылардың жалпы жиналысымен) анықтайды.

24.9. Мектепке дейінгі ұйым қызметкерлерінің құқығы мен міндеттерін жарғы, ішкі тәртіп ережелері, лауазымдық нұсқаулықтар анықтайды. Педагогтық қызметпен айналысатын адамдар педагогикалық қызметкерлер болып есептеледі. Педагогикалық қызметкерлердің және оларға теңестірілген тұлғалардың лауазым тізбелерін ҚР үкіметі анықтайды.

24.10. Педагогикалық қызметкер мынадай құқыққа ие:

- кәсіби қызметтер үшін жағдайлар қамтамасыз ету;
- жалпыға міндетті мемлекеттік стандартты сақтаған жағдайда педагогикалық қызметті ұйымдастыру формалары мен тәсілдерін еркін таңдау;
- ғылыми зерттеулердің тақырыбын және педагогикалық іс тәжірибеде олардың нәтижелерін пайдалану формаларын еркін таңдау;
- мектепке дейінгі ұйымдарының басқару органдарының жұмысына қатысу;
- жалпыға міндетті стандартты сақтаған жағдайда құрылтайшының қаржысы есебінен өз жұмысынан үзіліспен өз біліктілігін жоғарылату;
- қызметте осу, категориясын жоғарылату мақсатында ұзақ мерзімді аттестация;
- жеке педагогикалық қызмет;
- өзінің кәсіби ар намысы мен қасиетін қорғауға;
- басқа жеке меншік түрлерімен қатар, мектепке дейінгі ұйымдарының білім беру жеке экономикалық іс әрекетінің қайнар көзі болып табылатын материалды активтер формасындағы (ғылыми әдістемелік еңбектер, патенттер, бағдарламалық қамтамасыздандыру, білім беру және ақпараттық технологиялар және т.б.);
- білім беру ұйымы әкімшілігінің бұйрықтары мен өкімдеріне шағым беру;
- педагогикалық қызметтегі жетістіктері үшін материалдық және моральдық көтермелеу, мақтау қағаз, құрметі атақ пен белгілермен марапаттау.

25. МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ ҰЙЫМДАРЫНЫҢ ҚЫЗМЕТІН ТОҚТАТУ

25.1. Мектепке дейінгі ұйымдарының қызметін төменгі жағдайларда тоқтатылады:

- Мектепке дейінгі ұйымдарының қызметін тарату немесе қайта ұйымдастыру (бірігу, қосылу, бөлу, бөлініп шығу, қайта құрылу) туралы қатысушының шешімі бойынша;
- ҚР заңдары қарастырған жағдайларда, сот органдарының шешімі бойынша;
- ҚР заңдары қарастырған басқа да негіздер бойынша.

25.2. Мектепке дейінгі ұйым қызметінің тоқталуы ҚР заңдары анықтаған тәртіп бойынша тіркеленеді.

25.3. Мектепке дейінгі ұйымдарының қайта ұйымдастырылуы, қатысушының шешімі бекіткен негіздерде ҚР заңдары анықтаған ережелерді қадағалап, жүзеге асырылады.

25.4. Серіктестікті қайта ұйымдастырғанда оның барлық құқықтары мен міндеттері мұрагерлеріне оның мирас қорларына аусады.

26. СЕРІКТЕСТІКТІ ТАРАТУ ТӘРТІБІ

- 26.1. Серіктестікті тарату тәртібі ҚР заңдарына сәйкес анықталады.
- 26.2. Тарату туралы шешім қабылданған қатысушымен немесе өкілетті мемлекеттік органмен, тарату балансын жасайтын және оны қатысушының бекітуіне қосынатын, тарату комиссиясы тарабында жасалады.
- 26.3. Тарату комиссиясы мектепке дейінгі ұйым атынан іс әрекет жасайды және жарғыда қарастырылған мектепке дейінгі ұйым басшысының өкілеттілігін атқарады.
- 26.4. Тарату комиссиясы тек қана мектепке дейінгі ұйымдардың ағымдағы істерін аяқтап, несие берушілермен есеп айырысу мақсатымен қажетті мәмілелерге отыруға құқылы.
- 26.5. Мектепке дейінгі ұйым таратылғанда осы жарғының күші жойылады.
- 26.6. Несие берушілердің талаптарын қанағаттандырғаннан кейін серіктестікке қалған мүлік жарғылыу капиталға қосқан салымына сәйкес мектепке дейінгі ұйым қатысушысына беріледі.
- 26.7. Серіктестікті тарату тіркелеген мезеттен бастап, ол заңды тұлға құқықтарын жоғалтады және өзінің өмір сүруін тоқтатқан деп саналады.

27. ДАУЛАРДЫ ШЕШУ

- 27.1. Мектепке дейінгі ұйымдардың істеріне қатысты басшы мен басқа да лауазымды тұлғалардың арасындағы даулар келіс сөздер арқылы немесе шешімдері дауласқан тараптар үшін біржолға және міндетті болатын сот органдарында шешіледі.

28. ҚОРЫТЫНДЫ ЕРЕЖЕЛЕР

- 28.1. Серіктестікке қатысушының көрсетілген құқықтарын шектейтін серіктестік жарғысының және кез келген басқа да құжаттардың, шешімдердің ережелері маңызсыз болып табылады.
- 28.2. Егер осы жарғының бір ережесі маңызсыз олса, ол қалған ережелердің күшіне әсер етпейді. Маңызсыз ереже құқықтық жағынан мүмкін және мағынасы ұқсас ережелермен ауыстырылады.
- 28.3. Жарғыға қатысушының шешімі бойынша ҚР заңдарына қайшы келмейтін өзгертулер мен толықтырулар енгізілуі мүмкін.
- 28.4. Осы жарғы қарастырмаған барлық мәселелер ҚР заңдарына сәйкес шешіледі.

29. КҮШНЕ ЕНУ

- 29.1. Осы жарғы серіктестікті мемлекеттік тіркеуден өткізген сәттен бастап күшіне енеді.

ҚАТЫСУШЫЛАР:

Аты жөні: **НЕСИПБАЕВА РОЗА МАЛИКОВНА**

Колд:

